



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Мәселені шешудегі шет мемлекеттердің тәжіребесіне назар аударатын болсақ, шет мемлекеттерде криптовалютаның құқықтық мәртебені реттеудің жолдары бірдей емес. Америка Құрама Штаттарда жақында болған дауға байланысты заңсыз төлем үшін биткоиндерді пайдалануын елеулі шектеулер жасады, бірақ әр штатта құқықтық нормалардың біртекті еместігіне байланысты пайдалануын қиындатады. Қытайда криптовалюта бір кездері үлкен сұранысқа ие болды, бірақ жоғарыда айтылғандай нормалардың бірдей еместігіне байланысты, криптовалюта пайдалануың жоғарғы биліктің деңгейінде қатаң шектелген. Алайда, Канадада биткоиндерді пайдалану бүкіл ел бойынша заңдастырылған және айналымда толық көлемде қолданылады. Бұл ұсыныс сатып алу талаптарын қамтитын арнайы лицензиясы «BitLicense» берілетін болады. Жеке және заңды тұлғаларға осындай мәмілелерді жасауға рұқсат беріледі. DFS әзірлеген ережелер BitLicense лицензиясынан басқа, резервтегі қаражатты өздері инвестициялаған компанияның клиенттері сол соммада сақтауға көмектеседі [6].

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Кузнецов В.А., Якубов А.В. О подходах в международном регулировании криптовалют (BITCOIN) в отдельных иностранных юрисдикциях // Деньги и кредит. 2016. N 3. С. 20 - 29.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ.
3. Савельев А.И. Электронная коммерция в России и за рубежом: правовое регулирование. М.: Статут. 2014. С. 455.
4. Закон РК от 12 января 2007 г № 225
5. URL: <http://www.forbes.com/sites/timworstall/2014/07/19/how-to-stop-bitcoin-banking-give-it-a-bitlicense-in-new-york/>

УДК 352.1.1

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БАСТАПҚЫ НАРЫҚТА ОРНАЛАСТЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Қызыр Қастер Қалықұлы

kaster@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Заң факультетінің 1 курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: з.ғ.к., доцент Умирзаков П.К.

Бағалы қағаздар қандай да бір мүліктік құқықтық қатынастың бар екенін көрсете отырып, әртүрлі азаматтық құқықтық мәмілелердің объектісі бола алады. Құжаттармен жасалатын мәмілелердің өзі азаматтық құқықтық қатынастың объектісі ретіндегі жылжымалы заттардың тәртібін реттейтін нормалардың негізінде жүзеге асырылады

Бағалы қағаздар нарығының міндеті - бағалы қағаздарды сатушылар мен сатып алушылардың көңілінен шығатын бағада инвестицияға толық қаражат жұмсауды қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл міндеттерді шешу бағалы қағаздар нарығында қызмет етуші делдалдардың - брокерлер мен инвестициялық дилерлердің қатынасуынсыз мүмкін емес. Тек қана солар бағалы қағаздар нарығын қандай жағдайда да, қашан, қандай шартпен және қандай бағалы қағаздар шығару қажет екендігін біледі. Бұл жерде брокер бағалы қағаздарды сатушыларды сатып алушылармен кездестіріп, ол үшін комиссиялық ақы алса, ал инвестициялық дилер өз есебінен және өз атынан бағалы қағаздарды сатып ала отырып, кейінен қайта сатады. Қайта сатудан түскен түсім, оның пайдасын құрайды. Өз жұмысында брокерлік және

дилерлік операцияларды жүзеге асырушы ірі инвестициялық компаниялар ішкі бағалы қағаздар нарығының басты тұлғалары болып саналады.

Қазақстан Республикасының заңында көрсетілген бағалы қағаздар нарығының негізгі идеологиясы келесіден тұрады:

әрбір потенциалды инвестор үшін бағалы қағаздарды эмиссиялаудың барлық түрлері бойынша толық және тура ақпараттардың болуы;

бағалы қағаздар нарығының қатынасушыларының (инвестициялық фирмалардың, қор биржалары және тауар биржаларының қор бөлімдері, брокерлік фирмалар және т.б.) біліктілігі [1].

Қазіргі таңда мекемелердің жұмысындағы кәсіби сапасы туралы қойылатын талаптардың маңызы арта түседі. Инвестициялық қор ретінде құрылатын кез келген заңды тұлғаның штабында бағалы қағаздармен жұмыс жасай алатын маманның болуы міндетті. Ол алғашқы және қайталама бағалы қағаздар нарығының дамуы туралы хабарлар болуға тиіс. Қазақстанда нарықты объективті түрде реттеу үшін мыналар қажет: біріншіден, оның мемлекеттік сектордың кәсіпорындарымен қатар, жеке кәсіпкерлер және қалыптасып келе жатқан шағын және орта бизнесті, сол сияқты үкіметтің бюджетінің тапшылығын қаржыландыру үшін қажетті ресурстарды іздестірумен тікелей байланысты болуы; екіншіден, республика азаматтарына бағалы қағаздар сатып алуға және сатуға мүмкіндік беретін үкіметтің жекешелендіру стратегиясымен байланысты болуы; үшіншіден, ақша массасына ұлттық банк жағынан бақылау жасауда жаңа жанама механизмдердің қалыптастыру үшін, мемлекет жағынан нарықты реттеудегі біліктілік республикамыздағы нарыққа өтудегі жаңа көптеген мәселелерді шешуге көмектеседі.

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар туралы заңдары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің нормаларынан және Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің актілерінен, Бағалы қағаздар жөнінде Ұлттық комиссиясының осы жарлықпен белгіленіп берілген өкілеттіктер шегінде шығаратын актілерінен, ал Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда басқа да мемлекеттік органдарының өз өкілеттіктері шегіндегі актілерінен тұрады. Негізгі ұғымдар:

«брокер» - бағалы қағаздармен мәміле жасауды шарт негізінде өз клиенттінің мүддесі үшін және соның есебінен әрі бұл ретте өз атынан немесе өз клиентінің атынан жүзеге асыратын, сол үшін белгілі бір сыйақы алатын делдал;

«бағалы қағаздардың қайталама нарығы» - алғашқы нарықта қалыптасатын қатынастарды қоспағанда сол бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер еңгізілетін, бағалы қағаздар нарығының әр түрлі субъектілері жүзеге асыратын бұрын шығарылған бағалы қағаздар айналысы кезінде қалыптасатын қатынастар;

«мемлекеттік бағалы қағаздар» - ішкі мемлекеттік заим облигациялары, сондай-ақ ҚР-ның заң актілеріне сәйкес ішкі мемлекеттік борыш шегінде шығарылатын басқа да бағалы қағаздар;

«бағалы қағаздар депозитарийлері» - бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушылары құратын мамандандырылған ұйым, оның функциясы бағалы қағаздарды сақтау және оның мүшелері өз клиенттерінің мүддесі үшін осы бағалы қағаздармен жасайтын мәмілелерге техникалық қызмет көрсету, сондай-ақ лицензиясы болған кезде клирингтік қызметті жүзеге асыру.

«Дилер» - бағалы қағаздарды кейінен қайта сату нәтижесінде пайда алу мақсатымен өз атынан және өз есебінен кәсіби негізінде осы бағалы қағаздармен мәміле жасайтын тұлға.

«Инвестор» - өз атынан және өз есебінен бағалы қағаздар сатып алатын жеке немесе заңды тұлға.

«Котировка» - қор биржасында немесе басқа да ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздардың нарықтық бағасын белгілеу.

«Бағалы қағаздар клирингі» - есеп айырысуға қатысатын тараптардың өзара талартары мен міндеттемелерін есепке алуға негіздеген ақшасыз есеп айырысу жүйесі.

«Бағалы қағаздардан тыс котировкалау жүйесі» - бағалы қағаздар нарығына кәсіпқой қатысушылардың бірлестігі құратын ұйым, оның ҚР-ң заң актілеріне сәйкес заңды тұлға мәртебесі болады және биржадан тыс нарықта айналысқа түсетін бағалы қағаздарды котировкалау функциясын жүзеге асырады.

«Лектинг» - қор биржасында немесе басқа да ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жасалатын мәмілелердің мәні болып табылатын бағала қағаздарға рұқсат ету және олардың есебін алу.

«Тәуелсіз тіркеуші» - бағалы қағаздарын иеленушілердің реестірін жүргізу функциясын жүзеге асырушы мамандарылданған ұйым.

«Бағалы қағаздардың айналысы» - бағалы қағаздармен азаматтық-құқық мәмілет жасау;

«Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығы» - бағалы қағаздардың айналыс саласы, мұнда бағалы қағаздармен жасалатын мәміле осы мәмілеге қатысушылар белгіленген процедуралар және шарттармен реттеледі[2].

Кәсіпқой қатысушылардың бірлестігі - бағалы қағаздар нарығында Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес құрылған, кәсіпқой қатысушылардың бірлестігі болып табылады, бағалы қағаздар нарығының бүкіл инфрақұрылымының неғұрлым тиімді жұмыс істеуі үшін жағдай жасау мақсатымен олардың ерікті түрде қатысуы мен мүдделерінің ортақтығы негізінде іс-әрекет жасайтын заңды тұлға; бағалы қағаздардың бастапқы нарығы - бағалы қағаздарды шығару және алғашқы орналастыру процессінде эмитент немесе оның тапсыру бойынша бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушысы арасында қалыптасатын қатынастар;

«Туынды бағалы қағаздар» - басқа бағалы қағаздар арқылы көрсетілген құнға ие бола алатын бағалы қағаздар;

«Бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушылары» - бағалы қағаздар нарығында қызметтің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асыру үшін лицензиясы бар жеке және заңды тұлғалар: Қор биржасы - бағалы қағаздардың тұрақты жұмыс істейтін ұйымдастырылған нарығын білдіретін ұйым, мұнда сатушылар мен алармандар бағала қағаздармен сауда жасаушы қажет нәрсенің бәрімен қамтамасыз етеді, ондай сауда мәміле жасалған сәтте тиісті бағалы қағаздардың болғандығына және тараптардың осы мәмілені жасауға құқылы екеніне кепілдік беретін биржа белгіленген процедураға сәйкес жүзеге асырылады;

«Эмиссия» - эмитенттердің бағалы қағаздарды айналысқа шығаруы; бағалы қағаздар эмитенті өз атынан айналысқа, бағалы қағаздар шығаратын және осы бағалы қағаздар эмиссиясы шарттарынан міндеттемелерді орындауды міндетіне алатын заңды тұлға [2].

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздары нарығының объектілері ҚР заңдарына сәйкес шығарылған бағалы қағаздардың түрлері, сондай-ақ ҚР заңдарына көзделген тәртіп пен шарттар негізінде ҚР аумағында айналысқа рұқсат етілген эмитент - елдің заңынан сәйкес шығарылған өзге мемлекеттердің бағалы қағаздары болып табылады. ҚР аумағында бағалы қағаздар нарығында айналысқа бағалы қағаздардың мына түрлеріне рұқсат етіледі: акциялар, облигациялар, банк сертификаттары, вексельдер және ҚР бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының шешімдеріне сәйкес бағалы қағаздар деп танылған бағалы қағаздардың басқа түрлері, сондай-ақ туынды бағалы қағаздар. ҚР-сы аумағындағы айналысқа ҚР заңдарында көзделген тәртіп пен шарттар негізінде рұқсат етілген, басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес шығарылған бағалы қағаздар.

Акциялар, облигациялар және ҚР бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының анықтау бойынша басқа да мемлекеттік емес бағалы қағаздар мемлекеттік тіркеуге жатады. Мемлекеттік бағалы қағаздардың, шетел валютасындағы бағалы қағаздарды, сондай-ақ ҚР бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының анықтауы бойынша басқа да бағалы қағаздардың эмиссиясы мемлекеттік тіркеуге жатпайды.

Бағалы қағаздар нарығынан субъектілері эмитенттер, инвесторлар, бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушылары болып табылады.

Бағалы қағаздар эмитентінің жоғары тұрған басқару органының шешімі бойынша атаулы бағалы қағаздарда көрсетілген құқықтар эмитент құжаттарындағы жазумен немесе

электронды есептеу техникасының көмегімен материалдық сипат берілген бағалы қағаздарды нақты шығармай-ақ куәландырылуы мүмкін. Эмитент инвесторларының талап етуі бойынша олардың құқықтары бағалы қағаздар болып табылмайтын сертификатпен немесе реестрден алынған үзіндіні беру жөніндегі тікелей шығындар инвесторлардың есебіне жатқызылуы мүмкін.

Бұл көрсетілген тәсілдермен құқықтарды баянды ету бұл құқықтарды жүзеге асыру мен беру үшін жеткілікті болып табылады. Бағалы қағаздардың депозаторийлері ресми жазбалардың сақталуына олардың құпиялылығын қамтамасыз етіп, осындай жазбалар туралы дұрыс деректер табыс етуге және жүзеге асырылған мәмілелер жайында ресми жазбалар жасауға жауап береді.

Бағалы қағаздар депозаторийлерінің қызметі ҚР заң актілерімен реттеледі.

Бағалы қағаздар нарығын құру және дамыту шаруашылықты бір орталықтан қаржыландырудың тиімсіз жүйесін және салааралық қайта бөлуді өзгертуге нарықтық құрылымдардың инвестицияға деген сұраныстарын қанағаттандыруға және бұл нарыққа салааралық капиталдың қайта құйылуын реттеуші болуға, ірі кәсіпорындар мен банктер жұмысының барометрі болуға мүмкіндік береді. Бағалы қағаздар нарығының дамуы экономиканы көтеруге мынадай шараларды іске асырғанда ғана ықпал етеді, тауар нарығын қалыптастыру, монополиясыздандыру, шағын кәсіпорынды қолдау, ақша айналысын нығайту.

Тауарлар мен қор құндылықтарының биржалық саудасы таяу арадағы ресурстарды қорландыру жүйесінен және бір орталықтан капитал жұмсалымдарын үлестіруден тауарлар және қаржы тасқындарының нарықтық реттеу әдісіне өтуге мүмкіндік жасайды. Акцияларды шығару мемлекеттік құрылымдары мемлекет иелігінен алудың ең басты құралдарының біріне және өнеркәсіпті жаңдандыру мен қайта құруда жеке және заңды тұлғалардың ақшалай табыстарын жұмылдырудың тиімді құралдарына айналуында. Сондықтан да бағалы қағаздар нарығына қатынасусылардың барлығының алдында бағалы қағаздармен жасалатын операциялардың теориясы мен техникасын игеру; биржалық істі регламенттеуді үйрену; мемлекеттік кәсіпорындарды акционерлеу және жекешелендіру байланысты іс тәжірибелерді игеру міндеттері тұрады [3, бб.].

ҚР-да қазіргі кезде бағалы қағаздардың бірнеше түрлері айналысқа шыққан, олардың ішінде акциялар, облигациялар, мемлекеттік қазыналық міндеттемелер, қазыналық вексельдер және т.б. Бағалы қағаздардың осы түрлерінің айналысқа түсетін аясы бағалы қағаздар нарығы болып табылады. Бағалы қағаздар бұл аяға оның эмиссиясының нәтижесінде түседі және айналыста оны өтегенге дейін немесе міндеттемені орындағанға дейін жүреді. Осы міндеттеменің іске асырылу кезінде бағалы қағаздар еркін айналыста болады және әртүрлі азаматтық құқықтық мәмілелердің объектісі де бола алады.

Осы мәмілелердің субъектілері бағалы қағаздар нарығының қатысушылары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар. Бағалы қағаздар нарығы қатысушыларының арасында ерекше орынды ҚР-ң заңдарымен белгіленген талаптарға жауап беретін және тиісті лицензия (рұқсат) алған кәсіпқой қатысушылар алады. Кәсіпқой қатысушылардан басқа тағы да бағалы қағаздар нарығының қатысушыларының бірі - ол бағалы қағаздарды айналысқа шығаратын тұлғалар, яғни эмитент және бағалы қағазға өзінің ақша қаражаттарын салған тұлға, яғни инвестор. Өзінің басқару органдары арқылы эмитентте, инвестор да, кәсіпқой қатысушы да бола алатын мемлекет те ерекше орында тұрады. Сол сияқты мемлекет жалпы ҚР-да бағалы қағаздар нарығының болуына тікелей әсер ететін субъект болып табылады. Мемлекет қана бағалы қағаздардың түрлерін, оларды айналысқа шығарудың шарттары мен тәртібін заңмен бекітеді, бағалы қағаздар нарығында кәсіпқой қызметтің түрлерін белгілейді және оған рұқсат береді, бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымын анықтайды және т.б. қызметтерді жүзеге асырады.

Бағалы қағаздар нарығының өзі осы мүліктік құжаттың айналыс аясы ретінде жеке бөліктерге бөлінуі мүмкін. Сол сияқты ол әртүрлі топтастырылуы мүмкін, оның ішінде бағалы қағаздардың экономикалық табиғаты; кірістерді төлеу тәртібі; тәуекелдің мөлшері;

уақытша ақша қаражаттарын тарту ұзақтығы; эмитенттер; бағалы қағаздар айналысқа түсетін территория; бағалы қағаздардың бастапқы және кейінгі айналыстарымен байланысы [2, 5 б.]. Әрине бағалы қағаздарды бұлай жіктеудің өзінің нақты ерекшелігі бар, бірақ құқықтық реттеу тарапынан бағалы қағаздарды бастапқы және қайталама нарықтарға бөлу ғана үлкен маңызға ие болады. Қарастырайық деп отырған тарауымыз да осы топтамаға арналған.

Осылайша, бағалы қағаздар нарығы бағалы қағаздармен әртүрлі операциялар жасау мүмкіндігін береді. Бірақ мәмілелердің тізбегінде бағалы қағаздар пайда болып, олардың айналысқа түсе алатын алғашқысы ғана орын алады. Мұндай мәміле бағалы қағаздардың эмиссиясы, оларды айналымға шығару және оны ең алғашқы сатып алушыға сату болып табылады.

Бағалы қағаздарды айналымға шығару - эмитенттің өз атынан бағалы қағаздарды айналымға шығару шартынан туындайтын міндеттемелерді алуға келіскен заңды тұлғалардың немесе олардың агенттерінің бағалы қағаздарды олардың алғашқы иелеріне – жеке және заңды тұлғаларға сатуы. Эмиссия мына жағдайларда жүзеге асырылады:

– акционерлік қоғам құрғанда және акцияларды оның құрылтайшылары арасында орналастырғанда;

– акция шығару жолымен акционерлік қоғамның алғашқы жарғылық капиталының көлемін ұлғайтқанда;

– облигациялармен өзге де борыштық міндеттемелер басып шығару жолымен заңды тұлғалардың заем капиталын ұйымдастырғанда.

Өкілетті орган бағалы қағаздар эмиссиясын тіркегеннен кейін акцияларға ұлттық идентификациялық нөмір және мөр басылған эмиссия проспектісін, сондай-ақ мемлекеттік тіркеу актісін куәландыратын хат береді [1].

Мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін эмитент он күнтізбелік күн ішінде оны орналастырғанға дейін мемлекеттік және орыс тілдерінде ақпарат құралдары арқылы хабарлама беруге міндетті. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру туралы хабарлама:

-- эмитенттің толық аты-жөні және орналасқан жерін;

-- эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруды мемлекеттік тіркеудің күні, олардың түрлері және санын;

-- эмитенттің бөлімшелері және лауазымды тұлғалары туралы мәліметтер, андеррайтердің аты-жөні және орналасқан жерін;

-- эмиссиялық бағалы қағаздардың бағасы туралы мәліметтерді қамтуы керек.

Ұлттық идентификациялық нөмірді беру тәртібі өкілетті органның нормативтік-құқықтық актісі негізінде жүзеге асырылады [36]. Мұндай өкілетті орган ҚР-ң Ұлттық банкі болып табылады. Ұлттық Банк Басқармасының “Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік реестрін жүргізудің тәртібін бекіту туралы: Қаулысына сәйкес ұлттық идентификациялық нөмір он екі позициядан тұрады. Акцияның шығару нөмірі латын алфавитінің бір әрпінен (номердің бірінші позициясы) және төрт араб цифрынан құралады. Номерді беру латын алфавитінің бірінші әрпінен және бесінші позицияда бірден бастап өсе береді, бесінші позициядан бастап солдан оңға қарай позиция нөмірі толтырылады. А999 нөміріне жеткеннен кейін латын алфавитінің келесі әрпіне көшеді және номер қайтадан бірден басталады.

Бағалы қағаздар эмиссиясын тіркеу туралы куәлікті алғаннан кейін эмитент оны айналысқа шығарады және оларды потенциалды инвесторлардың арасында тарату үшін іс-шараларды жүзеге асырады. ҚР-ң Акционерлік қоғамдар туралы заңымен көрсетілген акцияларды орналастырудың екі тәсілін атап көрсетуге болады: ол аукцион және жазылу арқылы. Бұл тәсілдермен орналастыру үшін инвесторлар эмитентке жазбаша арыз беруі керек. Аукцион мен жазылуды жүргізудің шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптар эмитенттің ішкі құжаттарымен белгіленеді [36]. Жазылу арқылы акцияларды орналастыру эмиссиялық бағалы қағаздарды алған барлық тұлғаларға бірыңғай баға бойынша жүргізіледі. Ал облигацияларды орналастыру облигацияларды шығару проспектісімен анықталған шарттар мен тәртіпте жүзеге асырылады.

Осылайша, бағалы қағаздардың эмиссиясы және эмитентпен оларды алғашқы орналастыру бағалы қағаздардың бастапқы нарығын құрайды. Мұндай нарықтың субъектілері сонымен:

- бағалы қағаздардың эмитенттері: органдары арқылы көрініс табатын, мемлекет, шаруашылық серіктестіктер, акционерлік қоғамдар және компаниялар;

- инвесторлар, яғни бағалы қағаздарға өзінің ақша қаражаттарын салушы бағалы қағазды сатып алушы тұлғалар. Бастапқы бағалы қағаздар нарығына қатысты инвесторлар жаңадан шығарылған бағалы қағаздарды эмитенттен немесе оның өкілдік берген тұлғасынан сатып алады;

- эмитент пен инвестордың арасында делдал болып табылатын, бағалы қағаздарды шығару және оларды алғашқы орналастыру бойынша эмитенттің қызметтерін атқаратын құрылымдар. ҚР-ң заңдары бойынша мұндай қызметті банктер атқарады;

- бағалы қағаздардың бастапқы нарығында ерекше роль мемлекетке берілген. Ол өзінің органдары арқылы бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметінің заң талаптарын сақтауға қадағалауды, бағалы қағаздарды шығаруды тіркеу, олардың айналысына бақылау жасау қызметін жүзеге асырады, сондай-ақ жалпы бағалы қағаздар нарығының әрекет етуі мен дамуының қажетті шарттарын анықтайды.

Бағалы қағазды айналысқа шығару бағалы қағаздың нарықта пайда болу кезеңін көрсетеді. Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар әлемдік тәжірибеде екіге бөлінеді: нарықтық және нарықсыз [3, 31б.]. Екінші типтегі бағалы қағаздар басқа тұлғаларға берілуі немесе сатылуы мүмкін емес. Мұндай қағаздың ұстаушысы, оны эмитенттен сатып ала отырып, белгілі мерзім өткеннен кейін оны өтей алады, бірақ үшінші тұлғаларға сатуға құқығы жоқ. ҚР заңдарында мұндай типтерге бөлу қарастырылмаған, бағалы қағаздың барлық түрлері еркін айналысқа түсе алады.

Қазіргі уақытта бағалы қағаздар нарығының тартымды құралдарының өте зәру тапшылығы байқалады, бұл ішкі институционалдық инвесторлардың инвестициялық әлеуетінің тұрақты түрде өсуі себепті еді. Институционалдық инвесторлардың құралдары үшін тартымды тапшылықты білдіретін басқа фактор А санаты бойынша, оның ішінде эмитенттері қаржы ұйымдары, көпшілік жағдайларда банктер болатын акциялар бойынша қазақстан қор биржасының ресми тізіміндегі негізгі эмитенттермен қаржы нарығы қатысушыларының шоғырлануының жоғары деңгейі болып табылады. Сонымен, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфельдерін түрлендіру мақсатында өздерінің басқаруындағы зейнетақы активтерін шетелдік нарықтарға орналастыруға мәжбүр болып отыр.

Осы міндеттерді іске асыру мынадай бағыттар бойынша рәсімдер мен іс-шаралар жүйесін жүзеге асыруды қажет етеді:

- а) корпоративтік басқару нормаларын сақтауға, ұсақ акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау принциптерін, акционерлік қоғамдарда төлем тәртібін және акционерлік қоғамдар қызметінің айқындылығын нығайтуға, бағалы қағаздар бойынша кірістерге салық салуға қатысты салық заңдарын жетілдіруге ерекше көңіл аудару шеңберінде қазақстандық акциялар мен облигациялардың инвестициялық тартымдылығын арттыру;

- б) облигациялардың жаңа түрлерінің (агенттік және ипотекалық) қалыптасуын және ақша нарығының жаңа құралдарының (коммерциялық қағаздар және депозиттік сертификаттар) пайда болуын ынталандыру бойынша іс-шаралар жүзеге асыру шеңберінде борыштық міндеттемелер нарығын дамыту;

- в) қазақстандық депозитарлық қолхаттар, борыштық міндеттемелерге құрылымдық және қоспалы туынды қағаздар, проценттік және валюталық тәуекелдерді хеджирлеу құралдары, келісім- шартқұралдарының пайда болуы мен қалыптасуын ынталандыру бойынша іске асыру шеңберінде туынды бағалы қағаздар мен қаржы құралдарының нарығын дамыту.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Карагусов Ф. Правовая природа ценных бумаг и иных финансовых

инструментов, обращающих на рынок ценных бумаг. Правовая система Параграф, 2009.

2. Нерсесов Н.О. Ценные бумаги на предъявителя с точки зрения гражданского права // В изд. Представительство и ценные бумаги в гражданском праве.-М.:Статус, 2000. – 187с.

3. ҚР бағалы қағаздар рыногы туралы заңы, 2003 жылғы 2 шілдедегі N 461 / Правовой справочник Законодательство, 2010.

4. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру ережесін, 2005 жылғы 27 тамыздағы N 317/ Правовой справочник Законодательство, 2010.

УДК 346.7

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ШЕТ МЕМЛЕКЕТТЕРДЕГІ ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДАНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Махмуд Марьям, Сакенов Сағидолла

sagidolla.sakenov@mail.ru, makhmudova.kz28@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Заң факультеті 3 курс
студенттері,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Қожахметова С.Ғ., заң магистрі, Азаматтық және экологиялық
құқық кафедрасының аға оқытушысы

Кәсіпкерлік қызмет ерте кезден-ақ адамзаттың дамуына елеулі ықпал етіп келеді. Адамдар қажетті тауар өнідру мен көрсетілетін қызметті өзіндік қамтамасыз етуден өзге жолдардың бар екендігін ұғынған сәттен бастап, кәсіпкерлік қызмет кез келген қоғамның айырылмас атрибутына айналды. Кәсіпкерліктің дамуы қоғам дамуымен қатар жүрді, бұдан шығатын қорытынды – кәсіпкерлік қызмет қоғамның дамуын итермелейтін негізгі факторлардың бірі [1]. Кәсіпкерлік қызметтің дамуы өзге қызмет түрлері секілді, дамыған ақпараттық қоғамға мұқтаж.

Ақпарат өркениеттің даму тарихында әрдайым басты рөлге ие, сондай-ақ мемлекет пен қоғамның дамуының барлық сатысында және барлық деңгейінде қабылданатын шешімдердің іргетасы ретінде қызмет етеді. Қоғамның даму тарихында төмендегідей бірнеше негізгі ақпараттық төңкерістерді атап өтуге болады:

✓ Алғашқы ақпараттық төңкеріс – жазудың пайда болуы;
✓ Екінші ақпараттық төңкеріс (XVI ғасырдың ортасы) - кітап баспасының дүниеге келуі (алғашқы басылымды ойлап тапқандар: Гуттенберг пен Иван Федоров);

✓ Үшінші ақпараттық төңкеріс (XIX ғасырдың аяғы) электр қуатының пайда болуымен ерекшеленеді. Нәтижесінде телеграф, телефон, радио іспетті алғашқы ақпараттық байланыс құралдары өмірге келді;

✓ Төртінші ақпараттық төңкеріс (XX ғасырдың ортасы) есептеуіш техникасы мен дербес компьютердің пайда болуымен есте қалды. Байланыс желілері мен телекоммуникациялар өмірге келді.

✓ Қазіргі таңда адамзат бесінші ақпараттық төңкерісті бастан кешуде. Бұл төңкеріс жеке адамға да, адамдар тобына да бір мезетте әсер ететін, әрбір үйде орнатылатын, сонымен қатар барлық әлем мемлекеттерін тіпті құрлықтарды қамтитын транс-шекаралық, жаһандық, ақпараттық-телекоммуникациялық желілердің қалыптасуы және дамуымен байланысты. Бесінші төңкерістің бірден-бір нәтижесі – Интернет желісі [2].

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2018 жылдың 18 қаңтарындағы халыққа жолдауында инновациялық экожүйенің табысына әсер етуші негізгі факторлар: нақты сектор тарапынан